11

Бекітемін

№ 6 «Өркен бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

ры_________Кенджебаева Т.А

Тексерілді

№ 6 «Өркен бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

әдіскері_________Реева Т

# № 12 «Аққу» ересектер тобының 2021 - 2022 оқу жылына арналған вариативті компонент: «Шебер қолдар» перспективалық жоспары.

.

Scanned with CamScanner

**4-5 жастағы балаларға арналған «Шебер қолдар» бағдарламасы**

**( Вариативтік компонент)**

## Кіріспе

Еңбек тәрбиесі – ол баланың еңбек етуге деген психологиялық даярлығын, еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, сонымен бірге еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгерту болып табылады.

Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек…Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек… Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана коймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Еңбек тәрбиесі отбасында әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен катыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер аткарады. Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік болады.

Еңбек баланың адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық дамуының ең бір басты факторы. Осы сатыда калыптасқан дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп кана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың еңбек әрекетіне катысуға қызығушылығын дамыту мақсатын көзейді.



Scanned with CamScanner

**Мақсаты:**

Балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру

**Міндеттері:**

- Балалардың белсенділік, іскерлік және еңбекті құрметтеу касиеттерін дамыту;
- Жұмыс барысында табиғи материалдарды орынды колдану іскерліктерін жетілдіру;
- Ұйымдастырушылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық сезімдерін дамыту.

**Мазмұны:**

- Қағазбен жұмыс
- Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс
- Өз қалаулары бойынша жұмыс
- Шығармашылық көрме



Scanned with CamScanner

**Тақырыптық жоспар үлгісі**

| Айы | № | Тақырыптар | Мақсаты | Сағат саны | Уақыты | Пайдаланған әдебиеттер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек | 1. | «Қағаздан не құрастырылады?» | Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру | 1 | | |
| | 2. | «Мысық пен тышқан» | Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру | 1 | |  |
| | 3. | «Саңырауқұлақ» оригами | Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту | 1 | | «Зерек бала» бағдарламасы |
| | 4 | «Жұлдызқұрт» | Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету | 1 | |  |
| Қазан | 5. | «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами | Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру | 1 | | |
| | 6. | Тасбақа | Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру | 1 | |  |



Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 7. | Кірпі | Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру | 1 | |  |
| | 8. | Балық | Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету | 1 | |  |
| Қараша | 9. | Гүлдер. Қағаздан біріктіру | Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру | 1 | | |
| | 10. | Шырпы қораптарынан машина жасау | Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру | 1 | |  |
| | 11. | Сандықша | Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету | 1 | | |
| | 12. | «Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс | Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету | 1 | | |
| Желтоқсан | 13 | Рамкалар жасау | Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру | 1 | |  |
| | 14. | Шырша | Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру | 1 | |  |



Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 15. | Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау | 1 | | |
| | 16. | Жаңа жылдық безендіру ( Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс) | Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру | 1 | |  |
| Қаңтар | 17. | Аққала | Балаларға қағазды умаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату | 1 | | |
| | 18. | «Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка) | Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру | 1 | |  |
| | 19 | Пингвин | Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету | 1 | | |
| | 20 | Өз бетінше жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау | 1 | |  |
| Ақпан | 21 | Үй | Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету | 1 | |  |
| | 22 | Досыма арналған альбом | Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу | 1 | | |
| | | | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 23 | Көңілді шеберхана | Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену | 1 | | |
| | 24 | Ит (Табиғи материалдармен жұмыс) | Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру | 1 | |  |
| Наурыз | 25 | Аналарға сыйлық ( Құттықтау ашық хат) | Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау | 1 | | |
| | 26 | Көбелек ( Табиғи материалмен жұмыс) | Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу | 1 | |  |
| | 27 | Қамшы өру | Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу | 1 | | |
| | 28 | Құстар ұясы | Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету | 1 | |  |
| Сәуір | 29 | Желкенді қайық | Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту | 1 | |  |
| | 30 | Ұшақ | Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-карсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету | 1 | |  |
| | 31 | Табиғи материалдармен жұмыс | Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау | 1 | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 32 | Үйрек (Оригами) | Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру | 1 | |  |
| Мамыр | 33 | Көгершін ( Оригами) | Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру | 1 | |  |
| | 34 | Мимоза тармақшалары» | Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру | 1 | |  |
| | 35 | Кеме ( Оригами) | Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалғастыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту | 1 | |  |
| | 36 | Шығармашылық көрме ұйымдастыру | Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру | 1 | | |
| | | | | **36 сағат** | | |



Scanned with CamScanner

Тексерілді
«№6 «Өркен бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
Әдіскер ________ Реева Т.Ж

Бекітемін
«№6 «Өркен бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК
Меңгеруші ________ Конджебаева Т.А

# *№ 12 «Аққу» ересек тобының*
# *2021 - 2022 оқу жылына арналған вариативті компонент: «Кішкентай зерттеушілер» перспективалық жоспары.*

## *Қыркүйек айы*

***Мақсаты:*** *Балалар құмның және саздың ерекшеліктерімен танысады, оларды бір-бірімен салыстырып және сипаттай алады.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 05.09. | «Сусымалы құрғақ құм»<br>Тәжірибе.«Құмнан мүсін жасаймыз». | Құмның қасиетімен танысады. |
| 12.09. | «Ылғалды құм»<br>Тәжірибе: Су шашылған құм қандай өзгеріске ұшырайды.<br>Құмда ойындар: «Сиқырлы саусақтар» | Тәжірибе жасау арқылы құрғақ және ылғал құмның айырмашылығын сезінеді. |
| 19.09. | «Құм суда ериді ме?»<br>Тәжірибе: Бір стаканға құм, екінші стаканға қант салып араластыру.<br>Нәтижесін талқылау.<br>Дидактикалық ойын: «Саздан доп мүсіндейміз» | Құмның қасиетімен таныстыруды жалғастыру.<br>Құмның суда ерімей, түбінде тұнып қалатынын тәжірибе жасау арқылы көре алады. |
| 26.09. | «Құм мен саз»<br>Тәжірибе: Құм мен сазды зерттеу; салыстыру, айырмашылығын анықтау.<br>Ойын: «Құмға сурет бейнеле». | Саздың түрлі пішінге келетінін үйренеді. Құм жұқпайды ол сусымалы, ал саз жұғады. |
| 30.09. | «Құмда таяқшамен сурет саламыз»<br>Тәжірибе: Құмда саусақпен және таяқшамен әртүрлі суреттер салу.<br>Дидактикалық ойын: «Құрылысшы». | Құммен ойналатын әр түрлі әдіс –тәсілдерді меңгереді. Құмнан әртүрлі құрылыстар жасай алады.. Қосымша табиғи материалдар, ойыншықтар пайдаланады. |

Scanned with CamScanner

## *Қазан айы*

***Мақсаты:*** *Балалар адам өміріндегі судың маңыздылығы туралы түсінеді,  және оның құрамымен танысады. Су тақырыбында әңгіме айта алады. Тәжірибелер жүргізу барысында байқағыштық, танымдық қабілеттерін жетілдіреді..*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 03.10. | 1. «Су – сұйық зат, ол ағады»<br>Тәжірибе: «Суды ыдысқа құй»<br>Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю. | Балалар судың қасиеттерімен танысады (мөлдір, сұйық, иісі, дәмі жоқ т.б) Су сұйық зат екенін түсінеді. |
| 10.10. | 2. «Судың нақты пішіні болмайды, әртүрлі пішінге енеді»<br>Тәжірибе: «Судың пішіні қандай екен?»<br>Суды әртүрлі пішінді ыдыстарға құйып көрсету. | Су – тіршілік көзі екенін, пайдасы, маңызы, қасиеті туралы білімдері кеңейеді. Судың нақты пішіні болмайтынын ұғынады. |
| 27.10. | 3. «Су түссіз және иіссіз болады»<br>Тәжірибе: «Судың түсін ата»<br>Бір стаканға су, екінші стаканға сүт құйып екеуіне қасық салу. Нәтижесін талқылау.<br>Тәжірибе: «Судың дәмі қандай?»<br>Қайнатылған су ішкізу. Қант, тұз араластырып дәмін көру. | Су түссіз және иіссіз болатынын біледі. |
| 24.10 | 4. «Бу – судың бір күйі».<br>Тәжірибе: Бу шығып тұрған шәйнектің төбесінен айна ұстаймыз. | Балалар бу судың бір күйі екенін түсінеді. |
| 31.10. | 5. «Су еріткіш»<br>Тәжірибе: Бір стаканға құм, екінші стаканға қант салып араластыру. | Суда кейбір нәрселер ерісе, кейбір нәрселер ерімейтіні туралы түсінеді. |

Scanned with CamScanner

## *Қараша айы*

***Мақсаты:*** *Балалар қағаз түрлерімен,олардың ерекшеліктерімен танысады; адам өміріндегі мағынасын түсінеді.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 07.11. | 1. «Қағаз түрлері»<br>Тәжірибе: Әртүрлі қағаз түрлерін ұстап көру. Айырмашылықтарын анықтау. | Балалар қағаз түрлерімен танысады (ақ, түрлі – түсті, газет, картон т.б) |
| 14.11. | 2. «Қағаздар қалай пайда болады»<br>Видеобейне қарау: «Қағаздың шығу тарихы»<br>Әңгіме жүргізу. | Қағаздың қалай пайда болатыны туралы түсінік алады. |
| 21.11. | 3. «Қағаздың қасиеттері»<br>Қағаздан желпіткіш жасау. | Қағазды қиюға, жымыруға, жыртуға болатынын біледі. |
| 28.11. | 4. «Қағаз ұшады және жанады»<br>Тәжірибе: Қағазды жағып көрсету. Қағаздан ұшақ жасап ұшыру. | Тәжірибе жасау арқылы қағаздың ұшатыны және жанатыны туралы түсініктері қалыптасады. |

Scanned with CamScanner

# Желтоқсан айы

## ***Мақсаты:*** *Балаларда қар мен мұз  және олардың құрамы туралы түсініктері қалыптасады.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 05.12. | 1. «Мұз – судың бір күйі»<br>Тәжірибе: Суды қатыру.<br>Су туралы жұмбақтар жасыру. | Балалар мұзбен танысады. Су қатқанда қандай күйге енетінін түсінеді. |
| 12.12. | 2. «Қардың суға айналуы»<br>Тәжірибе: Қардың еруін бақылау.<br>Қыс мезгілі туралы альбомдар қарау. | Жылудың әсерінен қардың суға айналатыны туралы түсінеді. |
| 19.12. | 3. «Мұз судан жеңіл»<br>Тәжірибе: Стакан суға мұз бөлшектерін салып бақылау.<br>Серуенде аққала құрастырамыз. | Мұздың судан жеңіл екенін біледі. |
| 26.12. | 4. «Қардың бөлшегі мен мұздың бөлшегін салыстыру»<br>Тәжірибе: Қар мен мұзды зерттеп, салыстыру.<br>Қимылды ойын: «Қардағы іздер» | Қардың бөлшегі мен мұздың бөлшегін салыстырады. Мұз қалай пайда болатынын түсінеді. |

Scanned with CamScanner

## *Қаңтар айы*

***Мақсаты:** Ауа ұғымын есіне түсіреді. Ауаның қасиеттері туралы айта алады.. Тәжірибе жасау арқылы ауаның қасиеттерін таниды. Ауа қасиеттерінің адам өмірімен байланысын анықтайды.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 02.01. | 1. «Ауа»<br>Тәжірибе: Салафан пакет үрлеу. | Ауа ұғымын есіне түсіреді. Ауаның қасиеттерін біледі (түссіз, мөлдір, пішіні жоқ) |
| 09.01. | 2. «От және ауа»<br>Тәжірибе: Екі май шамды үстел үстіне қойып, жағамыз. Біреуінің үстіне шыны ыдысты төңкереміз. | От пен ауаның байланысын түсінеді. От жану үшін ауа қажет. |
| 16.01. | 3. «Ауаның салмағы»<br>Тәжірибе: Таразының екі ұшында үрілген шарлар. Таразы басын тең ұстап тұр. Бір шарды жарып көрейік. Таразының бір ұшы төмен түседі. | Екі шарды бір-бірімен салыстарып, қайсысы жеңіл екенін түсінеді. Ауа толтырылған шар салмақты болып тұратынын анықтайды. |
| 23.01. | 4. «Әдемі көпіршіктер»<br>Тәжірибе: Стакан суға түтекшемен үрлеу. | Суда қалай көпіршіктердің пайда болатынын көреді, көпіршіктерде ауа бар екенін түсінеді. |
| 30.01. | 5. «Ауа орын ала ма?»<br>Тәжірибе: Бос шыны сауыт түбін жоғары қаратып, суы бар ыдыстың ішіне төңкереміз.Шыны сауыт бір жағына қарай қисаяды. | Ауа қасиеттерімен танысуды жалғастырады. Ауа орын алып тұратынын анықтайды. |

Scanned with CamScanner

[illegible] қарап [illegible].

# *Ақпан айы*

## ***Мақсаты:*** *Табиғат құбылысы жел туралы түсініктері қалыптасады. Адам өміріндегі алатын орны туралы түсінеді. Жел туралы әңгімелей алады.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| **06.02.** | **1. «Жел қалай пайда болады?».<br>Қимылды ойын: «Жел»** | **Балаларға желдің қалай пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту.** |
| **13.02.** | **2. «Кеме жүзіп бара жатыр»<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».** | **Желдің бағытын анықтайды..** |
| **20.02.** | **3. Желдиірмен жасауға керекті шаршы қағаз, қайшы,таякша, шеге құралдар.** | **Желдің қалай пайда болатынын анықтайды, жел бұл – ауа ағымы, ыстық ауа жоғары көтеріледі, салқын ауа төмен түседі.** |
| **27.03.** | **4. «Желдің дыбысы»<br>Дидактикалық ойын:<br>«Ненің дыбысы?».** | **Балалар судан қалай көпіршіктердің пайда болатынын түсінеді.** |

Scanned with CamScanner

## ***Наурыз айы***

***Мақсаты:*** *Балалар магнитпен таныса отырып, оның басқа түрлі заттар арасындағы байланысы туралы түсініктері қалыптасады.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 01.03. | 1. «Магнит және оның қасиеттері»<br>Тәжірибе: Стаканның түбінен қолыңды суға тигізбей, тынды магнит арқылы алу. | Магниттің өзіндік қасиеттерімен танысады. |
| 05.03. | 2. «Магниттің заттарға әсері».<br>Тәжірибе: Магнитті әр затқа кезек – кезек жақындатамыз. Әр бала өзіне ұнаған затты магнитпен тексеріп көреді. | Темір заттар магнитке тез тартылады, ал темір емес заттарға магнит өрісі әсер етпейтінін түсінеді. |
| 12.03. | 3. «Темір жинау».<br>Тәжірибе: Ыдыста кішкентай скрепкалар, тиіндер. Олардың үстіне манка ботқасын себеміз. Магниттің көмегімен барлық скрепка, тиіндерді алу. | Магнитпен қатынасқа түсетін заттардың ортақ қасиеттерін анықтай алады. |
| 19.03. | 4. «Сиқырлы қолғап»<br>Тәжірибе: Балаларға сиқыр көрсету. Ішіне магнит тігілген қолғаппен темірден жасалған заттар ұстағанда, қолымызды айқара ашсақта қолымыздан түспейді. Балалар басқа материалдан жасалған заттарды ұстағанда, қолғап өз сиқырын жоғалтады. | Магнит тек қана темірден жасалған материалдарды тартатынын түсінеді. |
| 26.03. | 5. «Жарыс»<br>Тәжірибе: 1 топқа көліктерді жол бойына қойып, ағаштың астына магнитті орнатып трасса бойымен жылжытамыз.<br>2 топқа гүлдердің суреті бар қағаз және төменгі жағынан скрепка қыстырылған, қағаздан жасалған көбелек. Көбелекті қағаз бетіне қоямыз, оны бір гүлден екінші гүлге ұшып баратындай жылжытамыз. | Балалар магниттің қасиеті мен оның металды заттарға деген қатынасын меңгереді. Магнит картон, қағаз, пластмасса арқылы әсер ете алатынын түсінеді. |

Scanned with CamScanner

## *Сәуір айы*

**Мақсаты:**

*Балаларда жер және оның құрамы туралы түсініктері қалыптасады. Жер туралы әңгімелеп айта алады.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 02.04. | 1.«Ғаламшар» «Жер» планетасының ғарыштан түсірілген суреті. | Балалардың танымдық қабілеттері дамиды. Ғаламшармен танысады. Су, құрлық туралы түсініктері қалыптасады. |
| 09.04. | 2. «Жер» | Жер туралы түсініктері қалыптасады. |
| 16.04. | 3. «Жерді ластанудан қорғаймыз» | Табиғат жер ананы ластамай, таза ұстау керектігін біледі. |
| 23.04. | 4. «Дән - дақыл отырғызу» | Жерге дәнді дақылдар отырғызады, оларды баптау керектігін біледі. |

Scanned with CamScanner

## *Мамыр айы*

***Мақсаты:*** *Тәжірибелер жасау арқылы балалардың танымдық қабілеті, қызығушылығы артады. Ой – өрісі, зейіні дамиды.*

| Айы, күні, жыл | Тақырыбы | Мақсаты: |
|---|---|---|
| 07.05. | 1 «Кемпірқосақ»<br>Тәжірибе: Жалпақ тәрелкенің шетіне түрлі – түсті SKITTLS кәмпиттерін дөңгелетіп қою. Тәрелкенің ортасына су тамдыру. Нәтижесін бақылау.<br>Дидактикалық ойын: «Кемпірқосақ түстері» | Кемпірқосақтың пайда болуы туралы тәжірибе жасау арқылы түсінеді. |
| 14.05. | 2. «Табиғаттағы су айналымы»<br>Тәжірибе: «Жаңбыр қалай пайда болады?» Су құйылған банкінің үстіне сақал қыратын көбікті себу. Су құйылған стаканға көк гуашь араластыру. Тамызғыш арқылы көбіктің үстінен гуашь араласқан суды тамызу. | Табиғаттағы су айналымы туралы түсінік алады. Жаңбырдың пайда болуы туралы тәжірибе жасау арқылы біледі. |
| 21.05. | 3. «Жанартау»<br>Видеобейне қарау: «Жанартау табиғаттың бір құбылысы» | Балаларда жанартау туралы түсінік қалыптасады. Жанартаудың қалай пайда болатыны туралы тәжірибе жасау арқылы көреді. |
| 28.05. | 4. «Тұздың құрамы»<br>Тәжірибе «Батады, батпайды»<br>Су құйылған стаканға жұмыртқа салу. Жұмыртқа түбіне батады. Тұз араласқан суға жұмыртқа салу жұмыртқа батпайды. | Балалар тұзды зерттеп, құрамымен танысады. Тұздың қасиеттерін анықтайды ( түсі ақ, дәмі ащы, суда ериді) |

Scanned with CamScanner